

**Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 19 желтоқсан N 1809. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1996.04.12. N 434 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісілген Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігі орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес, осы аппарат қызметкерлері шекті санының негізінде 150 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігіне министрдің 6 , соның ішінде бір бірінші орынбасары, сондай-ақ саны 15 адам алқа ұстауға рұқсат берілсін.

3. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің орталық аппараты үшін 7 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 22 желтоқсандағы N 1445 қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 22

желтоқсандағы N 1445 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 19 шілдедегі N 1000 қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрінің қосымша бір орынбасарын енгізу туралы" 1995 жылғы 31 шілдедегі N 1044 қаулысы.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы

19 желтоқсандағы

N 1809 қаулысына

ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда  
министрлігі орталық аппаратының  
Құрылымы

Кен-металлургия кешені департаменті  
Химия өндірістері және халық тұтынатын тауарлар департаменті  
Машина жасау және жұмылдыру дайындығы департаменті  
Өнеркәсіп саясаты және экспортты дамыту бас басқармасы  
Сыртқы және ішкі сауда саясаты бас басқармасы  
Кадр және аппараттың жұмысын ұйымдастыру бас басқармасы  
Экономика және нарық қатынастары басқармасы  
Сыртқы экономикалық қызметті реттеу басқармасы